

«КЕЛІСІЛДІ»

«ШКО кәсіптік білім беру орталығы»  
КММ директорының м.а.

Л. Кездикбаева  
2023 ж.



«БЕКІТЕМІН»

«Өскемен жоғары политехникалық  
колледжі» КМҚК директоры

И. Исин  
2023 ж.



Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері арасында  
Өскемен жоғары политехникалық колледжінің 70 жылдық мерейтойына орай  
кәсіптік қазақ, орыс және ағылшын тілдерінен өткізілетін  
«Үш тіл тұғырын» облысаралық олимпиада  
ЕРЕЖЕСІ

Өскемен қ., 2023 ж.

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Ереже техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері арасында кәсіптік қазақ, орыс және ағылшын тілдерінен өткізілетін «Үш тіл тұғырың» облысаралық олимпиаданың (*бұдан әрі – Олимпиада*) мақсаты мен міндеттерін, өткізілу тәртібін, ұйымдастырушылық - әдістемелік қамтамасыз етілуін, қатысу шарттарын, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтау және марапаттау тәртібін айқындайды.

1.2. Олимпиада Өскемен қаласы, Д. Серікбаев көшесі, 5 мекенжайында орналасқан «Өскемен жоғары политехникалық колледжі» КМҚК базасында өткізіледі.

Олимпиаданың өтетін күні **2023 жылғы 14 сәуір.**

Басталуы сағат **09:00-де**, қатысушыларды тіркеу сағат **08:00-де.**

1.3. Олимпиадаға техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының **энергетикалық және ақпараттық технологиялар бағытында** оқитын 9-11 сынып базасында түскен, мемлекеттік және орыс тілдерінде білім алатын I, II курстың студенттері қатыса алады.

1.4. Олимпиадаға қатысу үшін өтінімді **2023 жылғы 10 сәуірге дейін** *1 қосымшаға сәйкес* [maratovna812@gmail.com](mailto:maratovna812@gmail.com) электронды мекен-жайына жолдау қажет.

## 2. ОЛИМПИАДАНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ:

2.1. Олимпиаданың мақсаты:

- білім алушылардың тіл мәдениетін жетілдіру;
- тілдік қарым - қатынас мәдениетін қалыптастырып, көп тілді меңгерген тұлғаны тәрбиелеу;
- қазақстандық патриотизмді нығайту, өзге халықтардың мәдениеті мен тілін құрметтеу;
- үш тұғырлы тілді – мемлекеттік, орыс, ағылшын тілдерін жетік меңгеруді насихаттау.

- студенттерді қазақ, орыс, ағылшын тілдерін үйренуге ынталандыру;

2.2. Олимпиаданың міндеттері:

- Қазақстан Республикасының тіл саясатын жүзеге асыру;
- білім алушылардың тілді меңгеруге деген қызығушылықтарын арттыру;
- жастар арасында жан - жақты дамыған, бәсекеге қабілетті тұлғаларды тәрбиелеу;
- Қазақстан халқының лингвистикалық капиталын дамыту;
- білім алушылардың тіл мәдениетін жетілдіру.

## 3. ОЛИМПИАДАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

3.1. Олимпиаданы ұйымдастырушылар:

- «ШҚО кәсіптік білім беру орталығы» КММ;
- тіл пәндері оқытушыларының оқу-әдістемелік бірлестігі (ағылшын тілі, орыс



тілі және әдебиеті);

- «Өскемен жоғары политехникалық колледжі» КМҚК оқытушылары Ибраева А.М., Каинденова К.К.

3.2. Олимпиаданы өткізу бойынша ұйымдастыру жұмыстарын үйлестіруді және өткізуді олимпиаданы ұйымдастырушы оқытушылар жүзеге асырады.

Олимпиаданы ұйымдастырушылардың қызметі:

- Олимпиаданы өткізу туралы ережені дайындайды;  
- Олимпиаданы дайындау мен өткізуге тікелей жетекшілік етеді;  
- Олимпиаданы дайындау және өткізу бойынша барлық іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етеді;

- Олимпиада тапсырмаларының жиынтығын дайындайды және бекітеді, олимпиада басталғанға дейін тапсырмалардың құпиялылығы үшін толық жауап береді;

- Олимпиадаға қатысушылардың жұмысын бағалау критерийлері мен шарттарын әзірлейді;

- Олимпиада материалдарының сақталуын қамтамасыз етеді.

3.3 Ұйымдастыру комитеті Олимпиаданы өткізу бағдарламасын әзірлейді.

3.4 Олимпиадаға қатысушылар мен жеңімпаздар туралы ақпарат «ШҚО кәсіптік білім беру» КММ; «Өскемен жоғары политехникалық колледжі» КМҚК сайтында жарияланады.

3.5. Ұйымдастыру комитетінің мекен-жайы: ШҚО, Өскемен қаласы, Серікбаев көшесі, 5. Анықтама телефоны: Ибраева Арай Маратовна - 8 771 855 27 85.

#### 4. ОЛИМПИАДАНЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

4.1 Олимпиада Өскемен жоғары политехникалық колледжінің базасында штаттық режимде өтеді. Олимпиада үш кезеңнен тұрады. Бағалау балдық жүйеде жүргізіледі.

4.2. Әрбір кезеңде берілетін тапсырмалар:

1-тапсырма. Тестілеу (үш тілде). Тест 15 сұрақтан тұрады: 5 сұрақ мемлекеттік тілде, 5 сұрақ орыс тілінде, 5 сұрақ ағылшын тілінде. Тест сұрақтары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігімен бекітілген қолданыстағы оқу бағдарламалары негізінде құрастырылады және «Кәсіби қазақ тілі», «Кәсіби орыс тілі», «Кәсіби шет тілі» пәндері бойынша білімдерін көздейді. Берілетін уақыт – 20 минут.

Бағалау критерийлері (1-15 балл).

Балдың максималды саны - 15 (1 дұрыс жауап - 1 балл). Әр қатысушыға тест өту үшін бір ғана мүмкіндік беріледі.

2-тапсырма – «Аудармашылар». Қатысушы ұяшықты таңдайды, кездейсоқ таңдалған ұяшықтағы үш тілдің бірінде берілген мәтінмен жұмыс жасайды. Берілетін уақыт – 10 минут.

Берілген мәтінді мәнерлеп оқу.

Мәтін қазақ тілінде болса, сол мәтінді ағылшын тіліне аудару және орыс тілінде қойылатын сұрақтарға жауап беру;

Мәтін орыс тілінде болса, сол мәтінді қазақ тіліне аудару және ағылшын тілінде қойылатын сұрақтарға жауап беру;

Мәтін ағылшын тілінде болса, сол мәтінді орыс тіліне аудару және қазақ тілінде қойылатын сұрақтарға жауап беру.

Бағалау критерийлері (1-50 балл):

- мәнерлеп оқудағы дауыс ырғағы – 10 балл;
- аударманың дәлдігі – 15 балл;
- сұрақтарға нақты жауап беруі – 10 балл;
- тілдерді меңгеру деңгейі – 15 балл.

3-тапсырма. «Менің мамандығым» тақырыбында жоба қорғау. Әр қатысушы үй тапсырмасына сай бейнеролик не презентация дайындап келеді. Тапсырма білім алушының оқытылатын тілінде әзірленеді және ағылшын тілінде сұрақтарға жауап береді. Берілетін уақыт – 7 минут (жобаны қорғау – 5 мин., сұрақтарға жауап беру - 2 мин.).

Бағалау критерийлері (1-35 балл):

- тақырыптың мазмұндылығы және тақырыпты ашуы – 10 балл;
- тақырыпты анық және тіл табиғатын сақтап жеткізуі – 10 балл;
- бейнероликтің не презентацияның ақпараттық технологияларды қолданып ресімделуі – 5 балл;

- қойылған сұрақтарға нақты және дұрыс жауап беруі – 5 балл;

- өзін-өзі ұстауы, берілген уақытын дұрыс пайдалануы – 5 балл.

4.3. Олимпиада барысында қатысушыларға қойылатын талаптар:

- ұйымдастыру комитеті ұсынған материалдардан басқа анықтамалық әдебиеттерді пайдалануға тыйым салынады;

- Олимпиада кезінде аудиториядан шығуға рұқсат берілмейді.

Көрсетілген талаптарды сақтамаған жағдайда білім алушы сайыстан шығарылып, жұмысына «0» балл қойылады.

4.4. Олимпиадаға қатысушы белгіленген уақыттан кешікпей, уақытында кіруі тиіс. Олимпиадаға кешіккен және тіркелмеген білім алушылар Олимпиадаға қатыстырылмайды.

## **5. ЖЕҢІМПАЗДАР МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРДІ МАРАПАТТАУ**

5.1. Олимпиада қорытындысы үш деңгейден өткен қатысушылар арасында жүргізіледі.

5.2. Олимпиада жеңімпазы болып үш деңгей тапсырмаларын орындау қорытындысы бойынша үздік көрсеткіш көрсеткен және I дәрежелі диплом алған білім алушы саналады.

Олимпиада жүлдегерлері болып II және III дәрежелі дипломдарға ие болған қатысушылар саналады.

5.3. Олимпиада кезеңдері бойынша үздік нәтиже көрсеткен қатысушылар келесі номинациялар бойынша марапатталады:

- «Білгір маман»;
- «Сөз шебері»;
- «Үздік аудармашы».

## Өтінім үлгісі

№	Оқу орнының атауы	Қатысушының аты-жөні (толығымен құжаттар бойынша), WhatsApp телефон нөмірі	Мамандығы, курсы	Жетекшісінің Т.А.Ә. (толық, құжат бойынша), WhatsApp телефон нөмірі	Ескерту
1					
2					